

SikaCeram-412

ӨНІМНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Керамикалық тақталарға арналған әмбебап, күшейтілген, желімдегіш ерітінді

СИПАТТАМАСЫ

SikaCeram-412 – көлбеу беттерге ірі көлемді тақталарды, мәрмәрді, керамогранитті қалауға арналған, жоғары бекіткіш қасиеттері бар, цемент негізіндегі әмбебап желім. Дайындалуы және жағылуы оңай.

ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

- Ішкі және сыртқы жұмыстар кезінде.
- Көрме алаңдарында, террасаларда, өндірістік бөлме-жайларда
- Үлкен көлемді керамиканы, гранитті қалау кезінде
- Көлбеу беттерде тақтаны бекіту кезінде керемет нәтиже

ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

- Дайындалуы оңай
- Пайдаланудың ұзақ мерзімі
- Тіке беттерге жаққан кезде ағып кетпейді.
- Суға және аязға төзімді.
- EN12004 сәйкес C1T тақта желімі тобына сай келеді.

БЕТТІ ДАЙЫНДАУ

Бет тегіс және мықты, шаңнан, әктен, майлардан, бояу қалдықтарынан және т.б. тазартылған болуы тиіс. Босаңсыған бетонды сылақ қабаттарын алып тастау және қалпына келтіру қажет, ал жарылған және ойылған жерлерді бір күн бұрын ерітіндімен толтыру қажет. Егер жағу бетінің температурасы +25°C-тан асып кетсе, оны ылғалдандыру қажет. Негіздің суды тез сіңіруін азайту үшін, SikaTile P 300 немесе SikaTile P 310 астарын қолдану ұсынылады.

ДАЙЫНДАУ

Араластыруға арналған ыңғайлы және таза ыдысқа су құю, қоспаның қажетті мөлшерін төгу және миксердің немесе саптамасы бар бұрғының көмегімен біртекті құрам пайда болғанша араластыру қажет. Ерітіндіні 5 минут тұндыру және қайтадан мұқият араластыру қажет. Материал қолдануға дайын.

АРАЛАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН СУДЫҢ ҚАЖЕТТІ МӨЛШЕРІ

1 кг құрғақ қоспаға 0,21-0,22 л су қажет
25 кг құрғақ қоспаға 5,2-5,5 л су қажет

ҚОЛДАНУ ӘДІСІ

SikaCeram-412 желімі бетке қалақшаның тегіс жағымен жұқа қабатпен жағылады, одан кейін қалақшаның кертпелі жағымен бір бағытта біркелкі етіп таратылып жағылады. Желімді 15 минут ішінде қаптауға болатын аумаққа жағу

қажет. Тақта дайындалған бетке салынады және бұрылмалы қимылмен желімге батырылады. Тақталарды қалағаннан кейін 15 минут ішінде түзетуге болады. Жапсарлардың ұсынылған барынша аз ені 3 мм. Жапсарларды бітеп тегістеу үшін SikaTile-555-ті пайдаланыңыз. Жапсарларды жабу үшін осы материалдарды жағуды керамиканы жабыстырғаннан кейін шамамен 24 сағаттан кейін жасауға болады.

ЖАПСАРДЫҢ ҰСЫНЫЛҒАН ЕНІ

Тақтаның өлшемі	Жапсардың ені
5x5 см-ге дейін	3 мм
15x15 см-ге дейін	4 мм
15x15 см-ден артық	6-8 мм

ЖЕЛІМДЕЙТІН ЕРІТІНДІНІҢ ДАЙЫН БОЛУЫН ТЕКСЕРУ

Желімді саусақтармен басыңыз. Егер желім саусақтарға жабысатын болса, онда керамиканы қалауды жалғастырыңыз. Егер саусақтар желіммен былғанбаса, демек желімді қолдану уақыты аяқталған. Бұл жағдайда беттен желімді алып тастау және жаңасын жағу керек.

ЕСКЕРТУ

Жағылған SikaCeram-412 желімінің қалыңдығы 15 мм-ден аспауы тиіс. Егер жағу бетінің және қоршаған ортаның температурасы +5°C-тан төмен болса, ерітіндіні жағуға болмайды. Ерітіндіні жұмыс барысында қолданылатындай мөлшерде ғана дайындау қажет. Күмәнді жағдайларда жоғарыда айтылған саусақтармен тексеруді жүргізу қажет. Дайындалған ерітіндіге су мен ұнтақ қосуға болмайды. +23°C жағдайында жағылған SikaCeram-412 желімдеуші ерітіндісі, 14 күннен кейін соңғы беріктігіне (қаттылығына) жетеді. Осы температурадан төмен жағдайда жұмыс істеген кезде беріктік жинау мерзімі артады. Егер керамика сыртқы беттерге салынған болса, 24 сағат бойы оны тура күн сәулесінен, желден, жаңбыр мен аяздан қорғауға тырысыңыз.

ҚАПТАЛУЫ

25-килограмдық, полиэтиленмен нығайтылған қағаз крафт қап.

ҚОСЫМША АҚПАРАТ. САҚТАУ. ЖОЮ.

Қалған ерітіндіні дренаж жүйесіне және кәрізге төгуге тыйым салынады. Қалдықтарды жою жөніндегі жергілікті ережелерді басшылыққа алыңыз. Қоспалары бар қаптар қаптаманың сақталуын қамтамасыз ететін және жерден аздап биіктегі түптағандарда ылғалдан қорғайтын жағдайларда +5°C-тен төмен емес температурада сақталуы тиіс. Ұсынылған сақтау шарттарын бұзу

материалдың немесе қаптаманың зақымдалу себебі болуы мүмкін.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Материалды пайдалану кезінде арнайы киімді, қорғаныс

көзәйнектерін және қолғаптарды пайдалану қажет. Материалдың теріге түсуіне жол бермеу қажет, түскен жағдайда судың көп мөлшерімен гигиена құралдарын қолданып жуу қажет. Толығырақ ақпаратты осы материал бойынша Қауіпсіздік Ережелерінен (MSDS) табуға болады.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ*

Материалдың құрылымы	Полимерлермен және минералды толтырғыштармен нығайтылған ерекше цемент
Жабысуы	$> 0,8 \text{ Н/мм}^2$
Жағылу қалыңдығы	Мин. 4 мм - Макс. 15 мм
Жапсарларды толтыру уақыты	24 сағаттан кейін
Өңделетін беттің температурасы	+5 бастап +30С дейін
Пайдалану температурасы	-30 бастап +80°С дейін
Ерітіндінің жетілу уақыты	5 минут
Түсі	Сұр
Ерітіндіні пайдалану уақыты	4 сағат
Жағылған желімнің ашық түрде жарамдылық уақыты	15 минут
Беттің үстінде жүруге болады	24 сағаттан кейін
Толық қату уақыты	14 күн
Шығыны (қалыңдығы 1 мм болғанда)	$1,4 \text{ кг/м}^2$
Аязға төзімділігі	F50

*Жоғарыда көрсетілген цифрлар тек қана басшылыққа алуға арналған және техникалық сипаттамалардың негізі ретінде пайдаланылмауы тиіс.

* +23°С температурасында және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 50% болған жағдайда. Жоғары температуралар жоғарыда аталған уақыт кезеңін азайтады, төмен температура - ұзартады.

** Шығынды анықтау кезінде негіздің кедір-бұдырлық дәрежесін, тақтаның артқы жағының бедерін және оның өлшемін ескеру қажет.

Ескерту:

Техникалық сипаттамада ұсынылған барлық ақпарат шынайы, дәл болып табылатынына және мазмұнында тексерілген деректер мен барлық жинақталған тәжірибені үйлестіретініне қарамастан, компания материалды арналымы бойынша пайдаланбау үшін, техникалық ұсыныстарды беру үшін және өзіміздің өкілдеріміз бен дистрибьюторларымыздың әрекеттері үшін ешқандай жауапкершілік көтермейді. Техникалық сипаттамада көрсетілген барлық деректер уақыт өткен сайын жаңартылып отырады, жаңартылған соңғы нұсқаны алу тұтынушының міндеті болып табылады.

Сика Сентрал Эйша ЖШС

050016, **Almaty**, Kazakhstan

100/5, Mamyr-4 dstr., 4th floor Raiymbek ave., 211A

Phone +7 (727) 39 000 39

Phone +7 (727) 222 12 83

E-mail: info@kz.sika.com

www.sika.kz

060021, **Atyrau**, Kazakhstan

Azattyk ave., 116A

Phone +7 (7122) 30 88 22

010000, **Astana**, Kazakhstan

Beisekbayeva street, 24/1

Phone +7 (7172) 69 51 84

SikaCeram 412

Өнімнің техникалық сипаттамасы

Ақпан 2024

